

## 7-тақырып

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

**Мақсаты:** Студенттерде Экологиялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы туралы мәліметтерді қалыптастыру

Экологиялық қауіпсіздіктің түсінігі, мақсаты мен міндеттері.

Экологиялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы.

ҚР экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде халықаралық-құқықтық актілердің рөлі.

Қазақстан Республикасында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың түсінігі мен түрлері.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік органдардың құзыреті.

Жеке тұлғалар мен қоғамдық бірлестіктердің экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құқықтары мен міндеттері.

Төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтары

**Экологиялық қауіпсіздіктің түсінігі, мақсаты мен міндеттері.**

Қауіпсіздік – бұл адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерін ішкі және сыртқы қауіптерден қорғау жағдайы.

Өмірлік маңызды мүдделерге адамның, қоғамның және мемлекеттің дамуына мүмкіндік беретін және өмір сүруді қамтамасыз ететін қажеттіліктердің жиынтығы жатады, ал қауіпсіздіктің қатеріне жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделеріне қауіп төндіретін жағдайлар мен факторлардың жиынтығы жатады.

Экологиялық қауіпсіздік – Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің негізгі стратегиялық құрамдас бөліктерінің бірі және мемлекеттік басымдықтардың маңызды аспектісі.

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі – адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің серпінді дамуын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы ұлттық мүдделерінің нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі. Ұлттық қауіпсіздік объектілері – адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары; қоғам, оның материалдық және рухани құндылықтары; мемлекет, оның конституциялық құрылысы.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы табиғи ресурстарды, яғни табиғи объектілер мен энергия көздері, өндіріс өнімдері мен тұтыну тауарлары ретінде пайдаланылатын және тұтыну құндылығы бар табиғи-антропогендік объектілердің әртүрлі компоненттерін шаруашылық және өзге де қызметке тартуды көздейді. Табиғи ресурстарды пайдалану қоршаған ортаның сапасына әсер етеді, олар физикалық, химиялық, биологиялық және басқа көрсеткіштермен және (немесе) олардың жиынтығымен сипатталады. Табиғи ресурстарды бей-берекет және қадағалаусыз пайдалану, оларды шаруашылық айналымына тарту қоршаған ортаға теріс әсер ететін заттар және (немесе) энергияның орналасуын қамтамасыз етеді. Осыған байланысты табиғи экологиялық жүйелердің жойылуы мен табиғи ресурстардың сарқылуына қауіп төндіретін, қоршаған ортаға жағымсыз өзгерістер әкелетін зиян келтіріледі.

Мұндай жағдайларда экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып табылады.

Экологиялық қауіпсіздік – экологиялық қауіп-қатерден қорғау. Бұл екі ұғым үнемі бірге қарастырылады.

Ал, экологиялық қауіп – антропогендік және табиғи әсерлер ықпалынан, оның ішінде дүлей зілзалаларды қоса алғанда, зілзалалар мен апаттар салдарынан қоршаған ортаның жай-күйі бұзылуының, өзгеруінің болуымен немесе ықтималдығымен сипатталатын, жеке адам мен қоғамның өмірлік маңызы бар мүдделеріне қауіп төндіретін жай-күй.

Экологиялық қауіпсіздік – қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсер ету нәтижесінде туындайтын қатерлерден жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүдделері мен құқықтарының қорғалуының жай-күйі.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету объектілері:

- адам (оның қолайлы қоршаған ортаға құқығы);
- қоғам (қоршаған орта жағдайына байланысты материалдық және рухани құндылықтар жиынтығы);
- табиғи ресурстар және қоғамның орнықты дамуына және болашақ ұрпақтың әл-ауқаты үшін негіз болатын қоршаған орта.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету субъектілері:

- осы саладағы функцияларын заң шығарушы, атқарушы және сот билігі арқылы жүзеге асыратын мемлекет;
- жергілікті өзін-өзі басқару органдары;
- азаматтар;
- қоғамдық және басқа да ұйымдар мен қауымдастықтар.

Экологиялық қауіпсіздікке қауіп төндіретін көздер:

- шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға теріс әсер етуі;
- табиғи ресурстардың сарқылуы;
- табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындауына әкеліп соқтыратын әрекеттер (әрекетсіздік);
- төтенше жағдайлар салдарлары.

Экологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты табиғи жүйелердің, қоғамның өмірлік маңызды мүдделері мен жеке тұлға құқығының қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсерлердің нәтижесінде туындайтын қатерлерден қорғалуын қамтамасыз ету болып табылады.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

- климаттың өзгеруі мен Жердің озон қабатының бұзылуына душар ететін антропогендік әсерді азайту;
- биоәртүрлілікті сақтау және жердің шөлейттенуі мен тозуының алдын алу;
- экологиялық апат аймақтарын, әскери-ғарыш полигондары мен сынақ кешендерін оңалту;
- Каспий теңізі қайраңының ластануының алдын алу;
- су ресурстарының тозуының және ластануының алдын алу;
- табиғи ластануларды, әуе бассейнінің ластануын, радиоактивті, бактериологиялық және химиялық, оның ішінде трансшекаралық ластануларды жою және олардың алдын алу;
- өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың жинақталу көлемдерін қысқарту;
- табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу.

### **Экологиялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы.**

Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы заңнамасы:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- заңдар;
- Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары;
- жергілікті өзін-өзі басқару органдарының нормативтік құқықтық актілеріне негізделеді.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әрбір адамның қолайлы қоршаған ортаға, қоршаған ортаның жай-күйіне қатысты шынайы ақпаратқа қолжетімділігіне, қоршаған ортаға қатысты құқық бұзушылыққа байланысты денсаулыққа немесе мүлікке келтірілген зиянды өтеуге, сондай-ақ табиғат пен қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды сақтауға тығыз байланысты.

Қолайлы қоршаған ортаға субъективті құқық әдетте әлеуметтік құқықтарға жатады. Біздің ойымызша, қарастырылып отырған құқықтың құндылығының мұндай төмендеуі негізсіз, өйткені қолайлы қоршаған орта өмір сүрудің қажетті шарты болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 31-бабы бойынша, мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды. Адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағдаяттарды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады. Бұл мемлекетті құзыретті органдар дайындаған қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында мерзімді түрде жариялауға міндеттейді.

## **Экологиялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы.**

Экологиялық қауіпсіздік тек қоршаған ортаны қорғауды ғана емес, сонымен қатар бұл саладағы ұлттық мүдделерді айқындауға, қауіп-қатерді ескерту бойынша және олардың салдарын минимизациялау бойынша мемлекеттік саясатты жасап шығаруға және жүргізуге мүмкіндік береді.

Экологиялық заңнаманың заманауи жағдайы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қатынастарды реттейтін және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызметтің жоғары да аталған бағыттардың заңдық негізін құрайтын тікелей әрекеттегі заңдардың кең шеңберінің болуымен сипатталады.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы негіз құраушы заң болып – 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі танылады.

Шаруашылық немесе басқа да қызметтің зиянды әсерінің алдын-алуға Кодексте қалыптастырылған қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық механизмі туралы, қоршаған ортаның жағдайын нормалау, экологиялық сараптама туралы, төтенше экологиялық жағдайлар туралы, экологиялық бақылау туралы, сондай-ақ өндіріс орындарын, ғимараттар мен өзге де объектілерді орналастыру, жобалау, құрылысы, қайта құрылымдау, пайдалануға енгізу, пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар туралы негізгі ережелер бағытталған.

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылдың 6 қаңтарындағы №527-IV Қазақстан Республикасының заңы, ол арасында қоршаған ортаның жағдайын сақтау мен жақсарту, табиғи қорларды ұтымды пайдалану бар, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мен негізгі ұлттық мүдделерінің түрлерін бекітеді.

2009 жылғы 18 қыркүйектегі № 193-IV «Халықтың денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саулығы мен қоғамдық денсаулықты қамтамасыз ету бойынша жалпы талаптарды, соның ішінде санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды айқындайды.

1998 жылы 23 ақпанда «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» және 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Атом энергиясын пайдалану туралы» заңдар қабылданды.

«Атом энергиясын пайдалану туралы» заңда атомдық энергияны пайдалану барысындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қатаң талаптар; ядролық объектілердің лауазымды адамдары мен персоналына артылған талаптар анықталған. Бұл саладағы бекітілген жауаптылық ядролық объектілердегі төтенше жағдайдың төмендеуіне және қоршаған ортаны сауықтыруға әкелуі тиіс.

Денсаулығын қорғау мақсатында халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық негіздерін айқындайтын «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» ҚР заңы да маңызды болып табылады.

Заңда радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жалпы талаптар, құзыретті органдардың, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы лауазымды тұлғалар мен халықтың құқықтары мен міндеттері бекітіледі.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 желтоқсандағы «Міндетті экологиялық сақтандыру туралы» заңы. Заң міндетті экологиялық сақтандыру саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді және оны жүргізудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қатынастарды реттейтін нормалар, сондай-ақ 2003 жылғы 9 шілдедегі ҚР Су кодексінде, 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінде, 2010 жылғы 24 маусымдағы «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» заңында және т.б. заңдарда қамтылған.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызмет жасалған және бекітілген мақсаттық бағдарламаларға сәйкес (республикалық, аумақтық, жергілікті) жүзеге асырылуы тиіс. Мақсаттық бағдарламаларда экологиялық қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды қаржыландыру көздері, кезеңдері, мерзімдері туралы деректер қамтылуы тиіс және келесілерді қарастыруы тиіс:

- Өнеркәсіптің жекелеген салаларын (мысалы, жанармай-энергетикалық) дамытуға белгілі бір шектеулерді салу;
- Барлық әрекеттегі технологиялардың қор сыйымдылығын төмендету;
- Табиғат қорғаушы технологияларды қолдану;
- Азаматтардың экологиялық мәдениетін арттыру;
- Аумақты қоршаған орта үшін қауіпті саналатын, әкелінетін тастандыларды, материалдар мен заттарды көму орындары ретінде пайдалануға тыйым салу;
- Жаңа зиянды өндірістерді орналастыруды шектеу;

– Экологиялық қауіпсіздік бойынша өзге де міндеттерді шешу.

### **ҚР экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде халықаралық-құқықтық актілердің рөлі.**

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тек ішкі шаралармен мүмкін емес екендігін атап өтейік. Бұл мақсатқа жету үшін басқа мемлекеттермен тең серіктестікті ұйымдастыру талап етіледі.

Ғылымда жаһандық экологиялық қауіпсіздік термині берік орнықты. Осылай М.Н. Копылов экологиялық қауіпсіздік терминін халықаралық құқықтың жаңа қағидасы ретінде есептеуді ұсынады.

Халықаралық-құқықтық актілерде қамтылатын құқықтық нормалар Қазақстан Республикасындағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде үлкен әсер тигізуде, өйткені Қазақстан Республикасының Конституциясы халықаралық құқықтың жалпы мойындалған қағидалары мен нормалары және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары оның құқықтық жүйесінің құрам бөлігі болып табылады деп айқындайды.

Жалпы мойындалған экологиялық қағидалар мен халықаралық серіктестіктің бағыттары Қоршаған орта бойынша Стокгольм Декларациясымен (1972), Табиғаттың Бүкіләлемдік Хартиясымен (1982), Қоршаған орта мен оны дамыту бойынша Декларациямен (Рио-де-Жанейро, 1992), Мыңжылдық Саммитінің Декларацияларымен (Нью-Йорк, 2000), «XXI ғасырдағы Күн тәртібі» (Рио-де-Жанейро, 1992), Тұрақты даму бойынша Бүкіләлемдік Саммит (Йоханнесбург, 2002) және басқа да халықаралық актілермен айқындалған. Бұл актілер орасан зор халықаралық беделге ие және жүзеге асыруды халықаралық конвенцияларда да, көптеген мемлекеттердің, соның ішінде Қазақстан Республикасының да ұлттық заңнамасында орын тапқан.

Халықаралық экологиялық шарттар өзінің реттеуімен барша адамзаттың өмірін сақтап қалу үшін өлшеусіз маңызға ие болып табылатын барлық негізгі табиғи қорларды (сулар, жер, тірі қорлар, атмосфера) қамтиды.

Қазақстан қоршаған ортаны қорғауға және жаһандық және аумақтық деңгейлердегі тұрақты даму мәселелері бойынша халықаралық шарттарды жасап шығару мен жүзеге асыруға бағытталған, әртүрлі халықаралық комиссиялар мен процестердің белсенді қатысушысы және мүшесі болып табылады. Олардың арасында – БҰҰ-ның Тұрақты даму бойынша комиссиясы; Орталық Азия мемлекеттерінің тұрақты дамуы бойынша мемлекетаралық комиссиясы; Тұрақты даму үшін кәсіпкерлердің бүкіләлемдік кеңесінің аумақтық еуразиялық желісі; ТМД гидрометеорологиясы бойынша мемлекетаралық кеңесі; «Еуропа үшін қоршаған орта» мен «Азия үшін қоршаған орта мен тұрақты даму» процестері бар. БҰҰ-ның Дау бағдарламасымен, Жабайы табиғат әлемдік қорымен (WWF) және басқа да халықаралық ұйымдармен серіктестік даму үстінде.

Соңғы уақытта экологиялық сипатқа ие халықаралық құжаттарды қабылдаудың белсенділігі артуда. Экологиялық бағыттағы халықаралық-құқықтық актілер санының артуы толығымен негізді жалғасуда және бірінші кезекте халықаралық экологиялық құқық талаптарын орындауды қамтамасыз ету туралы мәселе қойылған. Бұл мәселеде халықаралық серіктестік процесіндегі назар одан әрі жинақталуда.

Бұлардың арасындағы барынша маңыздыларына мыналарды жатқызуға болады: 1972 жылғы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы конвенциясын; 1973 жылғы Жойылу қаупіндегі жабайы флора мен фаунаның түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция; 1977 жылғы Қоршаған ортаға әсер етудің құралдарын әскери немесе кез келген басқа жаулық мақсатпен қолдануға тыйым салу туралы конвенция; 1979 жылғы Жабайы жануарлардың көшуші түрлерін қорғау туралы Бонн конвенциясы, 1985 жылғы Озон қабатын қорғау туралы Вена конвенциясы, Теңіз ортасын қорғауға қатысты конвенциялар, соның ішінде 1982 жылғы БҰҰ Теңіз құқығы туралы конвенциясы; 1989 жылғы Қауіпті тастандыларды трансшекаралы көшіру мен оны жоюды бақылау туралы Базель конвенциясы және т.б.

Қарусыздандыру саласындағы халықаралық келісімдер тікелей қоршаған ортаны қорғауға байланысты емес, дегенмен олар қоршаған ортаны қорғауға септігін тигізеді. Халықаралық конвенциялармен, шарттармен және әдет-ғұрыптарымен бірге, халықаралық ұйымдардың ұсынылымдары экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде орасан зор рөл атқарады: БҰҰ-ның 1972 жылғы Қоршаған орта туралы Стокгольм декларациясы; 1974 жылғы Мемлекеттердің экономикалық құқықтары мен міндеттері туралы хартиясы; Бас Ассамблеяның 1980 жылғы мемлекеттердің Жердің табиғатын сақтаудағы қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы тарихи жауаптылығы туралы; 1982 жылғы Табиғаттың Бүкіләлемдік хартиясы, және, әрине, 1992 жылғы Қоршаған орта мен даму туралы Рио декларациясы.

Қазақстан Ауаның трансшекаралық ластануы туралы конвенцияны ратификациялады. Аталған Конвенция және оның үш хаттамасы күшіне енді және ауаны трансшекаралық ластауды әлсірету үшін тиімді құрал ретінде әрекет етеді.

Климаттың өзгеруі туралы конвенция мен Биологиялық алауантүрлілік туралы конвенцияға 154 мемлекеттің қол қоюы экологиялық мәселелерді шешу бойынша жаһандық келісімге жету жолындағы елеулі қадам болып табылады. Оған Рио-де-Жанейродағы БҰҰ Конференциясында қол қойылды. Конвенцияның мақсаты климаттық жүйеге зиянды әсер ететін парниктік газдарды шығарудың деңгейін тұрақтандыру болып табылады, дегенмен Конвенцияда климаттың бірқатар өзгеруі шарасыз екендігі туралы мойындау бар.

Жабайы флорамен және фаунамен халықаралық сауда туралы конвенция жойылып кету қаупіндегі жануарлар мен өсімдіктердің он мыңдаған түрімен сауданы реттейді. Бұл мүмкін, мүшелері 136 мемлекет болып табылатын, жабайы табиғатты қорғау бойынша барлық халықаралық шарттардың ішіндегі барынша табыстысы. Аталған Конвенция қабылданды және Вашингтонда 1973 жылдың 3 наурызында қол қоюға ашық болып жарияланды және күшіне 1975 жылдың 1 шілдесінде енді. Планетаның экожүйесін сақтау мен қорғау үшін бірінші деңгейлі маңызға Рио-де-Жанейрода 1992 жылы 5 маусымда қабылданған биоалуантүрлілік туралы Конвенция ие болып табылады. Қазақстан Конвенцияға 1992 жылы қол қойып, оны ратификациялады. Конвенцияның мақсаты – биоалуантүрлілікті сақтау, бөлшектерді табысты пайдалану, әділетті және теңдей негізде, генетикалық қорларды пайдаланумен байланысты табыс табу. Аталған Конвенция ережелерінің негізінде Қазақстан Республикасында өзінің экологиялық саясатының басты бағыттары жасалуда, қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық серіктестік тек жаһандық деңгейде ғана емес, сонымен бірге Орталық Азия мен ТМД мемлекеттерінің ішінде де жүзеге асырылуда, сондай-ақ бұл ережелер екіжақты келісімдер жасау кезінде қолданылады.

Қазақстан Республикасымен халықаралық көпжақты шарттық-құқықтық міндеттемелерді жүзеге асыру. Қазақстанды халықаралық табиғат қорғау серіктестігіне қосу оның қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясатының құрама бөлігі болып табылады.

Қазіргі уақытта қоршаған ортаны қорғау саласында 900-ден астам нормативтік құқықтық актілер әрекет етеді.

**Қазақстан Республикасында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың түсінігі мен түрлері.**

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрақты міндет, қоғам мен оның құрылымдарының өркендеуінің маңызды шарты және интегративті көрсеткіші болып табылады. Қауіпсіздік қажетті деңгейдегі қауіпсіздік объектілерінің (тұлғалар, қоғам мен мемлекет) экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық және олардың өмірлік маңызды мүдделеріне қауіптеніне теңбе-тең өзге де сипаттағы шараларды жасау мен ұстану бойынша біртұтас мемлекеттік саясатты жүзеге асыру арқылы қол жеткізіледі.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясат мыналарды қарастырады:

- Мемлекеттік билік органдары әрекеттерінің бірлігі мен келістілігі;
- Экологиялық қауіп деңгейінің жобалық төмендетілуі;
- Мемлекет пен қоғамды дамытудағы экономикалық стратегияны қалыптастыру мен жүзеге асыруда экологиялық қауіпсіздік артықшылықты тәртіпте қамтылуы тиіс.

Экологиялық қауіпсіздік қызметтің келесі бағыттарын жүзеге асыру арқылы қамтамасыз етіледі:

- Құқықтық, ұйымдастырушылық, инженерлік-техникалық, санитарлық-гигиеналық және медициналық сипаттағы шаралар кешенін жүргізу;
- Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу;
- Азаматтардың экологиялық есендігін қамтамасыз ету саласындағы ғылыми зерттеулерді жүргізу;
- Экологиялық қатерлі объектілерге экологиялық аудит жүргізу;
- Экологиялық қауіптілікті төмендету бойынша іс-шараларды жасау мен орындау, бұл шараларды орындау туралы есепті ұсыну;
- Азаматтарды экологиялық қауіп, оны жою жөніндегі шаралар туралы, республикада тұтастай және муниципалды түзілімдер бойынша аумақтардағы экологиялық ахуалдың жағдайы туралы жүйелі түрде хабарландыру;

- Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша міндетті алдын-алу іс-шаралары кешенін жүзеге асыру (мемлекеттік экологиялық нормалау, табиғат қорларының кадастрларын, тастандылар кадастрын, жер, су және орман кадастрын жүргізу, экологиялық білім беру мен тәрбиелеуді жүзеге асыру, экологиялық үгіт-насихат);
- Азық-түлікті өндіру мен ауызсуды тұтыну кезінде қауіпсіздік талаптарын белгілеу;
- Адамның қоршаған ортаға шаруашылық әсер етуін нормалауға талаптарды айқындау;
- Құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық сипаттағы басқа да шаралар.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметтің негізгі элементтері мыналар болып танылады:

- Мемлекеттік экологиялық сараптама;
- Экологиялық қауіпті жағдайлардың салдарын жою;
- Экологиялық аудит;
- Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптарын бұзу салдарында келтірілген шығындарды өтеу;
- Заңдық жауаптылыққа тарту;
- Экологиялық қауіпсіздікті ақпараттық қамтамасыз ету;
- Өзге де элементтер.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі бағыттары:

- экономиканы экологияландыру;
- заңнаманы экологияландыру;
- қоғамды экологияландыру болып табылады.

Экономиканы экологияландыру. Экономиканы экологияландыру – өндірістің табиғат қажеттілігін азайту және заттар мен энергия алмасуының биосфералық процестеріне экономиканың әсерін азайту арқылы тұрақты экологиялық қауіпсіз табиғат пайдалануды қамтамасыз етуде және ресурстық-экологиялық тепе-теңдікті сақтауда болып табылады.

Экономиканы экологияландыруды жүзеге асыру үшін ресурс үнемдейтін технологияларды дамыту және экологиялық «лас» өндірістің үлесін азайту керек, сонымен бірге табиғат пайдаланудың, мемлекеттік экологиялық бақылаудың, экологиялық мониторингтің және статистиканың табиғат пайдаланудың және экологиялық сараптаманың рұқсат ету жүйесін оңтайландырудың экономикалық тетіктерін жетілдіру арқылы барлық әзірленетін мемлекеттік, өңірлік және салалық бағдарламаларға экологиялық шарттар мен талаптарды енгізу қажет.

Табиғат пайдаланудағы жаңа экономикалық тетіктер баға белгілеу жүйесіне экологиялық сипаттамаларды енгізуді, табиғат пайдаланудың ақылық жүйесін жетілдіруді және міндетті экологиялық сақтандыруды көздейді.

Табиғат пайдаланушылардың табиғат қорғау қызметінің тиімділігі қаржы ынталандыруын құрумен, сондай-ақ табиғат қорғау-қызметіндегі қоршаған ортаны қорғауды ынталандырудың экономикалық құралдарын енгізумен айқындалады. Табиғат пайдаланушыларды табиғат қорғау іс-шараларын жүргізуге және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға ынталандыру экологиялық төлемдер жүйесін көздейтін табиғат пайдаланудың экономикалық тетігі көмегімен жүргізілуі тиіс.

Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер – ресурстарды нормативтен тыс пайдаланғаны немесе нормативтен тыс шығарынды және ластаушы заттардың төгінділері үшін ставкаларды арттырудың тетігі арқылы қоршаған ортаның ластануын азайтуды экономикалық ынталандыруды қамтамасыз етеді.

Экономикалық құралдар инновацияларды енгізу және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, неғұрлым тиімді және аз қалдықты технологияларды дамыту мен енгізу мақсатында шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне қатаң нормалар мен стандарттардың белгіленуіне ықпал етуі тиіс.

Табиғат қорғау заңнамасын бұзу салдарынан қоршаған ортаға келтірілген зиян ластану деңгейі мен келтірілген залалды (зиянды) қалпына келтіруге, ұдайы өндіріске кеткен шығындарды және өзге де шығыстар мен ысыраптарды ескере отырып, толық көлемде өтеуге жатады.

Қоғамды экологияландыру. Қоғамды экологияландыру – бұл адамның табиғатпен үйлесімділігіне қол жеткізуге бағытталған қоғам көзқарасының жүйесін қалыптастыру процесі. Оны жүзеге асыру экологиялық білім беру мен тәрбиелеуді дамыту, ғылыми қамтамасыз ету, экологиялық үгіт-насихат және жұртшылықтың қатысуы жолымен жүргізіледі.

Қоғамның экологиялық мәдениетін қалыптастырудың негізі ретінде экологиялық білім беруді дамыту үшін:

- білім берудің барлық деңгейіндегі оқу бағдарламаларына экология және тұрақты даму мәселелерін енгізу жолымен үздіксіз экологиялық білім берудің жүйесін қалыптастыру;
- міндетті және қосымша білім беру жүйесінің барлық деңгейі үшін экология саласындағы кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;
- экологиялық білім беруді мемлекеттік қолдау;
- табиғи жүйелердің экологиялық сыйымдылығы мен олардың тұрақтылық шектерін айқындау;
- экологиялық таза және ресурс үнемдейтін технологияларды, өндірістерді, шикізаттың түрлерін, материалдарды, өнім мен жабдықты, оның ішінде ауыл шаруашылығында, әзірлеу;
- биологиялық әртүрлілікті, биоқауіпсіздіктің ғылыми негіздерін сақтау проблемасын зерделеу;
- климаттың ықтимал жаһандық және өңірлік өзгерістерін және табиғи орта үшін оның салдарларын зерттеу;
- экологиялық қатерлерді айқындаудың ғылыми негіздерін әзірлеу;
- ластанулардың алдын алу мен жоюдың, қоршаған ортаны оңалту және қауіпті қалдықтарды кәдеге жаратудың құралдары мен әдістерін әзірлеу;
- адамдардың аурулары мен қоршаған орта сапасы өзгерістерінің арасындағы байланысты зерделеу;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы жинақталған білімді жүйелеу және ғылыми зерттеулерді үйлестіру.

Экологиялық қауіпсіздік саласындағы ғылыми зерттеулерді бюджеттік бағдарламалар және халықаралық гранттар арқылы мемлекеттік тапсырыс бойынша ғылыми мекемелер жүргізеді.

Халықтың арасында экологиялық ақпарат таратудың экология қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін шешуде үлкен ағартушылық, үгіт-насихаттық мәні бар. Бұл жұмыста орталық, облыстық және аудандық бұқаралық ақпарат құралдары қатыстырылуы тиіс.

Сонымен бірге берілетін материалдардың сапасын, жеделдігін және өзектілігін арттыру жөнінде шаралар қабылдау қажет. Мемлекеттік органдар олар бойынша ресми материалдар беру арқылы өзекті экологиялық проблемаларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы тиіс. Бұл үшін интернетте экологиялық сайттар құрып, онда ресми ақпаратты орналастыру, ғылыми мақалаларды, монографияларды жариялауды жалғастыру, экологиялық газеттер мен журналдар басып шығару қажет.

Халықаралық ынтымақтастықты кеңейту. БҰҰ-ның толыққанды мүшесі бола отырып, Қазақстан жаһандық серіктестіктің негізінде мемлекеттік экологиялық саясатты тиімді жүргізудің кілті ретінде халықаралық ынтымақтастықты пайдалануы тиіс. 1992 жылы Рио-де-Жанейрода негізі салынған және 2002 жылы Йоханнесбургте өткен Дүниежүзілік саммитте расталған тұрақты даму қағидаттары халықаралық қатынастардағы ынтымақтастық пен серіктестік саясатының негізі болуы тиіс. Осы саясаттың негізгі бағыттары:

- халықаралық келісімдердің ережелерін практикалық іске асыру;
- қоршаған ортаның сапасын бағалаудың және жай-күйін бақылаудың жалпы тәсілдерін, әдістерін, өлшемдері мен рәсімдерін әзірлеу;
- үйлестірілген іргелі және қолданбалы экологиялық зерттеулерді жүргізу;
- экологиялық қауіпсіздік проблемасын шешуде халықаралық тәжірибені пайдалану;
- қоршаған ортаны қорғау мен елдің тұрақты дамуы саласындағы нақты бағдарламалар мен жобаларды шешуге халықаралық ұйымдардың қаражатын тартуды жандандыру.

Маңызды халықаралық экологиялық конвенцияларға және халықаралық деңгейде табиғат қорғау қызметіне республиканың неғұрлым кеңірек қатысуын қамтамасыз ету үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы барлық әзірленетін бағдарламаларда халықаралық ынтымақтастықтың басымдықтары және оларды іске асыру жөніндегі тиісті іс-шаралар белгіленуі тиіс.

### **Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік органдардың құзыреті.**

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – бұл адамның шаруашылық не өзге де қызметінің қоршаған ортаға негативті әсер етуін анықтау, ескерту және алдын алуға, қолайсыз әсер етудің салдарын оқшаулау және жоюға бағытталған, сәйкесінше қағидалардың негізінде, белгіленген нысандар мен рәсімдер арқылы жүзеге асырылатын арнайы құзыретті органдардың заңға тәуелді қызметі болып табылады.

Қауіпсіздік жүйесін мыналар құрайды:

- Заң шығарушылық, атқару және сот билігі тармағының органдары;

- Мемлекеттік, қоғамдық және өзге де ұйымдар мен бірлестіктер;
- Заңға сәйкес қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтар;
- Қауіпсіздік саласындағы қатынастарды реттейтін заңнама.

Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік билік органдарының барынша жалпы классификациясы оларды – жалпы және арнайы құзыреттіліктегі органдарға бөлу болып табылады.

Біріншілеріне – ҚР Президенті, Қазақстан Республикасының Парламенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, ал екіншісіне – Қазақстан Республикасының әртүрлі министрліктері мен ведомствалары, ҚР мемлекеттік комитеттері жатады. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі, ҚР Сыртқы істер министрлігі, Жер ресурстарын басқару комитеті, Ветеринарлық бақылау мен қадағалау комитеті, АӨК Мемлекеттік инспекция комитеті, Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті, Су ресурстары комитеті – осы санатта. Соңғы жылдары елеулі өзгерістерге арнаулы құзыреттілік органдарының функциясы секілді жүйе де ұшырады.

Мемлекеттік шаралардың маңызды бөлігі болып ерекше экологиялық қауіпке ие қызмет түрлерін анықтау және қызметтің түрлерін жүзеге асырудың арнайы тәртібін белгілеу танылады. Экологиялық қауіп факторларының болуымен негізделген, азаматтардың денсаулығына зиян келтірудің жоғары қауіпі үшін өтемақының түрлері мен мөлшерлерін анықтау, экологиялық қауіптің зиянды әсер ету факторларынан зардап шеккен азаматтарға қайтарымсыз көмек көрсетілу мүмкіндігін қарастыру қажет.

Министрліктер мен ведомствалықтардың міндетіне жобалар жасау мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру, сондай-ақ ерекше экологиялық қауіпке ие объектілердің қызметін мемлекеттік есепке және бақылауға алу, экологиялық қауіп объектілері мен зоналарын, фактілерін анықтау, экологиялық қауіпті жағдайлардың туындау қауіпі мен туындауы жағдайында жедел іс-шараларды жүргізу кіреді.

Жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару деңгейінде сәйкесінше бағдарламаларды жасау мен орындауды жүзеге асыру, ерекше экологиялық қауіптілікке ие объектілерді анықтау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша бағдарламаларды жүзеге асыру барысында экологиялық жағдай туралы азаматтарды жүйелі түрде хабарландыру, экологиялық қауіп факторларының болуымен негізделген, азаматтардың денсаулығына зиян келтірудің жоғары қауіпі үшін өтемақыларды төлеу жүзеге асырылады.

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жыл 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының заңы бойынша:

Экологиялық қауіпсіздік мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен лауазымды адамдардың:

- 1) табиғи ресурстарды сақтауға, ұтымды пайдалануға және қалпына келтіруге;
- 2) қоршаған орта мен халық үшін антропогендік факторлардың қауіптілік деңгейін азайтуға;
- 3) өндірістік күштерді дамыту мен орналастырудың экологиялық-экономикалық теңгерімділігін қамтамасыз етуге;
- 4) қоршаған орта және экологиялық апат аймақтарында тұратын Қазақстан халқы үшін теріс салдарларды жоюға;
- 5) экономиканы, заңнаманы және қоғамды экологияландыруға, қоғамдық қатынастарды реттеуге экожүйелік көзқарас орнатуға;
- 6) қоғамдық санада экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, экологиялық білім беру мен ағарту жүйесін жақсартуға;
- 7) әрбір адамның экологиялық ақпаратқа қол жеткізу құқығын сақтауға және жұртшылықтың қоршаған ортаны қорғау мәселелерін шешуге жан-жақты қатысуына;
- 8) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан болған қатерлерді азайтуға және олардың салдарларын жұмсартуға;
- 9) халықаралық ынтымақтастықта әріптестік қатынастар орнатуға және халықаралық құқық нормаларын сақтауға бағытталған шешімдерімен және іс-қимылдарымен қамтамасыз етіледі.

Уәкілетті мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдардың міндеті:

- 1) қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қорғау;
- 2) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы талаптары мен нормаларын мүлтіксіз сақтау;
- 3) ел аумағының радиоактивті, химиялық ластануына, бактериологиялық зарарлануына жол бермеу;

4) экологиялық қауіпті технологиялардың, техника мен жабдықтың тізіліміне енгізілген технологиялардың, техника мен жабдықтың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылуын болдырмау;

5) шаруашылық және өзге де қызметтің теріс экологиялық зардаптарын жою;

6) қоршаған ортаға және адамның денсаулығына келтірілген залалды өтеу;

7) басқару органдары мен күштерін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою жөніндегі, зақымдаудың қазіргі заманғы құралдарының дамуын ескере отырып, азаматтық қорғаныс жөніндегі іс-қимылдарға міндетті түрде дайындау, халықты табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар қатері төнген және туындаған жағдайлардағы іс-қимылдарға үйрету;

8) болжанған және туындаған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, олардың алдын алу мен оларды жою жөнінде қабылданған шаралардың жариялығы және олар туралы халыққа және ұйымдарға хабардар ету;

9) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға және авариялық-құтқару мен кезек күттірмейтін жұмыстарға жедел ден қоюға азаматтық қорғаныс күштері мен құралдарының тұрақты дайындығын қамтамасыз ету болып табылады.

### **Жеке тұлғалар мен қоғамдық бірлестіктердің экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құқықтары мен міндеттері.**

Нақты объектінің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша негізгі міндет – оның иесінде жатады. Бұл тұлғалар өздерінің объектілерінің экологиялық қауіпсіздігі жағдайын бағалауды жүзеге асыруы, экологиялық қауіп факторларына бақылау жүргізуі, олардың қоршаған орта мен адамға әсерін болжау, сәйкесінше жоспарларды жасауы мен орындауы, мемлекеттік мониторинг, есепті жүргізетін органдарды және ерекше экологиялық қауіптіліктегі объектілер қызметіне мемлекеттік бақылауды жүргізетін органдарды объектіге кедергісіз жіберуі толығымен уәжді болып табылады. Сондай-ақ мемлекетті басқару органдары мен азаматтарды экологиялық жағдай мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, экологиялық қауіп факторларының зиянды әсер ету нәтижесінде азаматтар мен олардың мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша шаралары туралы хабарландыру жүйесі жасалуы тиіс.

Қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалануды қоғамдық басқару – экологиялық құқықтың демократизациясының білінуі болып табылады. Басқарудың аталған түрін жүзеге асырудың тиімділігі мен масштабтары, бір жағынан, азаматтардың сана-сезімі деңгейі туралы, басқа жағынан, мемлекеттегі биліктің демократизациясының дәрежесі туралы куәлік береді. Басқарудың аталған түрі азаматтармен және қоғамдық ұйымдармен жүзеге асырылады. Азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың басқаруға қатысуы заңнамалық және заңға тәуелді актілермен, қоғамдық бірлестіктердің жарғыларымен реттеледі. Оларға, бірінші кезекте, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, 1996 жылғы 31 мамырдағы «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының заңы жатады.

Қоғамдық басқарудың барынша елеулі функциялары болып азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің жоспарланған қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау шегіндегі экологиялық елеулі шаруашылық шешімдерін дайындауға, бұндай шешімдерді қоғамдық сараптама, экологиялық бақылау жүргізу арқылы қабылдауға қатысуы болып табылады.

Қоғамдық бірлестік ретінде бұл заңды тұлғаның жарғысында нұсқалған жалпы мақсаттарды жүзеге асыру үшін мүдделердің бірлігі негізінде біріккен азаматтардың бастамашылығы бойынша жасалған ерікті, өзін-өзі басқарудағы, коммерциялық емес бірлестік түсініледі. Қоғамдық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы жарғылары міндетті тіркелуге жатады. Жарғыны тіркеу күнінен қоғамдық бірлестіктер заңды тұлғалар деп танылады.

Табиғи ортаны қорғау саласында экологиялық қызмет негізгі, артықшылықты мәнге ие экологиялық қоғамдық бірлестіктер және экологиялық қызмет көмекші рөл атқаратын, экологиялық функция атқаратын басқа да қоғамдық бірлестіктер құрылады.

Қоршаған табиғи ортаны қорғау саласында қоғамдық бірлестіктер төмендегі құқыққа ие:

1) өзінің қызметі туралы және оның нәтижелері туралы еркін ақпарат таратуға;

2) мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан қоршаған ортаның жағдайы, апаттар мен төтенше жағдайлардың экологиялық зиянды салдарын жою бойынша іс-шаралар, азаматтардың денсаулығы мен мүлігіне, табиғи ортаға келтірілген зиянды өтеу бойынша шаралар туралы толық әрі дұрыс ақпаратты алу;

3) экологиялық бағдарламаларды жасау, бекіту және насихаттау;  
4) бұқаралық ақпарат құралдарын бекіту, бұқаралық ақпарат құралдарында экологиялық платформаны баяндап шығу;

5) сайлау барысына қатысу, халықтың экологиялық мүдделеріне мемлекеттік билік органдарында өкілдік ету;

6) өзінің қаражаты және халықтың ерікті еңбектік қатысуы есебінен табиғи қорларды қорғау мен ұдайы өндіру және қоршаған табиғи ортаның сапасын арттыру бойынша жұмыстарды орындау, мемлекеттік органдарға экологиялық заңнаманы бұзумен күресте елеулі көмек көрсету;

7) арнайы құзыретті органдардан, егер олардан тапқан пайда туындайтын қатерден елеулі аз болса, ешқандайда шаруашылық қызмет оларды жүзеге асыру кезінде жол берілеу тиіс шешімдерді қабылдауды және жүзеге асыру кезінде зияны экономикалық және әлеуметтік факторлардың есебімен ақылға қонымды болатындай төменгі деңгейде болуы тиіс.

8) қоршаған табиғи ортаны қорғау, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша табиғат қорғау заңнамасының, азаматтардың құқықтарының бұзылуын болдырмау, бостандықтарына қол сұқпау, қоршаған табиғи ортаны қорғау мен ұтымды табиғат пайдалану жөнінде нормативтік-құқықтық актілерді жасап шығару және қабылдау бойынша мемлекеттік билік органдарына ұсыныстар енгізу;

9) өмір сапасының негізгі көрсеткіштерін жасауға қатысу: жоғары техногенді жүктеме кезіндегі адамның өмір сүру ұзақтығы, адамның денсаулық жағдайы, қоршаған орта ахуалының нормативтерден ауытқуы; білім мен білім беру машықтарының деңгейі; жан басына шаққандағы ішкі жалпы өніммен есептелетін пайда; жұмысбастылық деңгейі; адам құқықтарын жүзеге асыру деңгейі;

10) мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізуді талап ету, өзінің өкілдерін мемлекеттік экологиялық сараптамаға объектілерді жобалау мен орналастыру мәселелері бойынша қатысуға ұсыну, қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізу;

11) табиғат пайдаланушылармен экологиялық талаптардың орындалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру, жоспарланған қызмет бойынша қоршаған ортаға әсер етуді бағалау нәтижелері бойынша қоғамдық тыңдауларға қатысу; экологиялық маңызға ие шешімдерді қабылдауға қатысу; сотта мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысына шағымдану;

12) экологиялық зиянды объектілерді орналастыру, салу, пайдалану туралы, олардың қызметін шектеу, тоқтата тұру, тоқтату немесе нысаналы мақсатын өзгерту шешімдерін әкімшілік немесе сот тәртібімен жоюды талап ету;

13) жергілікті референдумдарды жүргізу туралы ұсыныстармен кіру, жиналыстар, митингілер, пикеттер, қозғалыстар, петициялар, демонстрациялар, қол жинаулар ұйымдастыру;

14) кінәлі лауазымды тұлғаларды жауапқа тарту туралы мәселені алға тарту, сотта немесе төрелік сотта азаматтардың мүлгі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптар қою;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте және шарттарда, ионизациялайтын оқу көздерін қолдану арқылы қызметін жүзеге асыратын ұйымға қолжетімділік құқығы.

Қоршаған табиғи ортаны қорғау саласындағы қоғамдық бірлестіктер Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын, сондай-ақ жарғымен қарастырылған нормаларды сақтауға міндетті.

Заңнамалық жүйенің, бағдарламалардың, жоспарлардың, іс-шаралардың нәтижелілігінің барынша объективті индикаторы – азаматтардың, қоғамның пікірі болып табылады. Бұл жағынан қоғамдық бақылау мен қоғамдық пікірді экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әртүрлі деңгейінде зерттеу институтын дамыту қажет. Қоғамдық бақылаудың деректерін азаматтардың өмір сүрудің қолайлы жағдайына құқықтарын фактілік қамтамасыз ету дәрежесін үзіліссіз арттыруға мүмкіндік беретін мемлекеттік және парламенттік бақылау деңгейінде пайдалану қажет.

### **Төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтары.**

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қол жеткізу міндеттерінің бірі – табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу болып табылады.

09 қаңтар 2007 жылғы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтарындағы құқықтық режимін бекітеді.

ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес төтенше экологиялық жағдай – шаруашылық және өзге де қызмет немесе жаратылыстың табиғи процестері нәтижесінде қоршаған ортада халықтың денсаулығына, табиғи экологиялық жүйелердің, өсімдіктер мен жануарлардың генетикалық

қорларының жай-күйіне қауіп төндіретін тұрақты теріс өзгерістер болатын аумақ учаскесінде туындаған экологиялық ахуал.

Экологиялық зілзала – шаруашылық және өзге де қызмет немесе жаратылыстың табиғи процестері нәтижесінде халықтың денсаулығының едәуір нашарлауына, табиғи экологиялық жүйелердің бұзылуына, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі жай-күйінің нашарлауына әкеп соқтырған қоршаған ортаның орны толмас, терең өзгерістері болған аумақ учаскесінде туындаған экологиялық ахуал.

Халықтың денсаулығына төнетін қауіп деп қоршаған ортаның ластануына байланысты денсаулықтың қайталама бұзылу жиілігінің артуы түсініледі.

Халық денсаулығының едәуір нашарлауы деп қоршаған ортаның ластануынан туындаған денсаулықтың өмірмен сыйыспайтын орны толмас бұзылуының, өлім себептері құрылымы өзгерулерінің және ерекше өзіндік аурулардың пайда болуының артуы, сондай-ақ қоршаған ортаның ластануына байланысты денсаулықтың қайталама бұзылу жиілігінің едәуір артуы түсініледі.

Аумақтарды төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтарына жатқызу экологиялық ахуалды нашарлататын көздер мен факторларды анықтау және экологиялық қолайсыздық деңгейін тұрақтандыру мен азайту, қоршаған ортаға шаруашылық және өзге де қызметтің әсер ету деңгейін төмендету, табиғи ресурстарды қалпына келтіру және халықтың денсаулығына әсер ету салдарларын мейлінше азайту жөнінде негізделген шұғыл шаралар әзірлеу мақсатында жүзеге асырылады.

ҚР Экологиялық кодексінің 174-бабында жекелеген аумақтарды төтенше экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала аймағы деп жариялаудың тәртібі бекітілген.

Төтенше экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала болу ықтималдығы болжанатын аумақты зерттеу мақсатында комиссия құрылады.

Жергілікті атқарушы органдар және өзге де мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде:

- 1) экологиялық ахуалдың қолайсыздығы болжанатын аумақта тұратын тұрғындардың;
- 2) Қазақстан Республикасы Парламентінің және жергілікті өкілді органдар депутаттарының;
- 3) қоғамдық бірлестіктердің өтініштері негізінде комиссия құруға бастамашы болуға құқылы.

Комиссияның құрамына жергілікті өкілді органдардың депутаттары, қоршаған ортаны қорғау, білім беру, ғылым және ғылыми-техникалық қызмет, денсаулық сақтау, индустрия және сауда, энергетика және минералдық ресурстар, ауыл шаруашылығы, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарының өкілдері және басқа да мүдделі жеке және заңды тұлғалар кіреді.

Комиссия:

- 1) аумақтың экологиялық жай-күйін;
- 2) қолайсыз экологиялық ахуалдың туындау себептерін;
- 3) қандай да бір тозу деңгейіне ұшыраған аумақтардың шекараларын;
- 4) болжанатын қолайсыз экологиялық жағдайдың залалын, нашарлау мүмкіндігін;
- 5) болжанатын қолайсыз экологиялық жағдайды жою жөніндегі қажетті шараларды;
- 6) болжанатын қолайсыз экологиялық ахуалдың туындауына себепші болған факторларды жою мақсатында оны жоюға қажетті құралдарды;
- 7) болжанатын қолайсыз экологиялық ахуалдың туындауына себепші болған шаруашылық және өзге де қызмет түрлерін айқындау мақсатында материалдарды жинау мен талдауды жүзеге асырады.

Қолда бар материалдар жеткіліксіз болған жағдайда, комиссия тиісті мемлекеттік органға қосымша зерттеулер жүргізу қажеттігі туралы ұсыныс енгізеді.

Аумақты зерттеу материалдары мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу үшін денсаулық сақтау, ғылым және ғылыми-техникалық қызмет және білім беру салаларындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың қорытындысымен бірге қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысында аумақты төтенше экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала аймағы деп тану немесе танымау туралы тұжырым болуға тиіс.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік экологиялық сараптамасының оң қорытындылары, сондай-ақ денсаулық сақтау, ғылым және ғылыми-техникалық қызмет салаларындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың қорытындылары негізінде аумақ:

- 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен – төтенше экологиялық жағдай аймағы;
- 2) Қазақстан Республикасының заңымен – экологиялық зілзала аймағы деп жарияланады.

Жоғарыда тізбеленген нормативтік құқықтық актілерде:

- 1) экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала аймақтарының шекаралары;
- 2) экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймағы деп жариялау мерзімдері;
- 3) экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала аймақтарының құқықтық режимі;
- 4) тиісті аумақтағы қолайсыз экологиялық жағдайды тұрақтандыру және деңгейін азайту жөніндегі шаралар не оларды әзірлеу қажеттігіне сілтеме;

5) азаматтарды төтенше экологиялық жағдай немесе экологиялық зілзала салдарынан зардап шеккендер санатына жатқызу тәртібі және оларды әлеуметтік қорғау шаралары көрсетіледі.

Табиғи ресурстарды молайту, қоршаған ортаны сауықтыру, халыққа медициналық көмек көрсету жөніндегі іс-шаралар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкес сараланған түрде әзірленеді және жүзеге асырылады.

Аумақтарды төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтарына жатқызу экологиялық ахуалды нашарлататын көздер мен факторларды анықтау және экологиялық қолайсыздық деңгейін тұрақтандыру мен азайту, қоршаған ортаға шаруашылық және өзге де қызметтің әсер ету деңгейін төмендету, табиғи ресурстарды қалпына келтіру және халықтың денсаулығына әсер ету салдарларын мейлінше азайту жөнінде негізделген шұғыл шаралар әзірлеу мақсатында жүзеге асырылады.

Белгілі бір аумақта төтенше экологиялық жағдай мен экологиялық зілзаланың құқықтық режимі белгіленген жағдайда мынадай шаралар:

1) қолайсыз экологиялық жағдайдың туындауына себепші болған объектілер қызметін тоқтату не шектеу;

2) табиғи ресурстарды қалпына келтіру (молайту), қоршаған ортаны сауықтыру жөнінде жедел шаралар;

3) халыққа тұрақты немесе уақытша тұруы үшін міндетті түрде үй-жайлар бере отырып, оларды тұруға қауіпті жерлерден көшіру;

4) карантин белгілеу және басқа да санитарлық-эпидемияға қарсы іс-шараларды жүзеге асыру;

5) ауырған, өлім-жітімге ұшырау қаупі туындаған жағдайда жануарларға көмек беру жөніндегі қажетті жұмыстарды жүргізу;

6) келудің және кетудің ерекше режимін белгілеу, көлік құралдарының қозғалысын шектеу;

7) жаңа құрылыс салуға және жұмыс істеп тұрған, қызметі төтенше экологиялық жағдайларды жоюға немесе халықтың тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз етуге байланысты емес кәсіпорындар мен басқа да объектілерді кеңейтуге уақытша тыйым салу;

8) қолайсыз экологиялық жағдайдың салдарынан зардап шеккен адамдар үшін тамақ өнімдерін бөлудің ерекше тәртібін енгізу;

9) жоғары экологиялық қауіп төндіретін объектілерді салуға және олардың жұмыс істеуіне тыйым салу;

10) жиынтық қасиеттері және (немесе) жай-күйінің ерекшеліктері осы аумақтағы экологиялық жағдайды ушықтыруы мүмкін ерекше қауіпті (химиялық, радиоактивті, уытты, жарылғыш, жанатын, биологиялық) заттарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын шаруашылық және өзге де қызметтерге қолдануға уақытша тыйым салуды белгілеу;

11) сауықтыру, курорттық мақсаттағы объектілердің жұмыс істеуіне тыйым салу;

12) адамдарға, өсімдіктерге, жануарлар дүниесіне және басқа табиғи объектілерге жоғары экологиялық қауіп бар кез келген басқа да қызметті жүзеге асыруға тыйым салу немесе оларға шектеу енгізілуі мүмкін.

Төтенше экологиялық жағдайдың немесе экологиялық зілзаланың салдарынан зардап шеккен адамдардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өздеріне келтірілген зиянды өтетуге, сондай-ақ әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы және экологиялық жағдайдың қалыпқа түсуін куәландыратын зерттеу материалдарының негізінде төтенше экологиялық жағдай аймақтарында құқықтық режимнің қолданысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен, ал экологиялық зілзала аймақтарында құқықтық режимнің қолданысы – Қазақстан Республикасы заңымен тоқтатылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің [17-бабының 30\)](#) тармақшасына сәйкес, аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау критерийлері әзірленді.

Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау критерийлері – халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаның жай-күйінің нашарлауын сипаттайтын көрсеткіштер жиынтығы.

Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау критерийлері төтенше экологиялық ахуал немесе экологиялық зілзала аймақтарын анықтау кезінде пайдаланылады.

**Төтенше экологиялық жағдай** аймағын немесе экологиялық зілзала аймағын анықтау қолайсыз экологиялық ахуалдың неғұрлым жоғары дәрежесін көрсететін бір немесе бірнеше негізгі және қосымша көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылады.

Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау критерийлері халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаның жай-күйін анықтаудың өзге де мақсатында пайдаланылуы мүмкін.

#### **Бақылау сұрақтары:**

- 1) Экологиялық қауіпсіздік дегеніміз не? Ұлттық қауіпсіздік пен экологиялық қауіпсіздіктің ара қатынасы қандай?
- 2) Экологиялық қауіпсіздіктің мақсаты мен міндеттерін атаңыз.
- 3) ҚР экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде халықаралық-құқықтық актілердің рөлі қандай?
- 4) Қазақстан Республикасындағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды атаңыз.
- 5) Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік органдардың құзыреті қандай?
- 6) Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде қоғамдық бірлестіктердің рөлі қандай?
- 7) Төтенше экологиялық жағдай және экологиялық зілзала аймақтарының құқықтық жағдайын ашып көрсетіңіз.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының 09 қаңтар 2007 жылғы Экологиялық кодексі // <http://adilet.zan.kz>
2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV заңы // <http://adilet.zan.kz>
3. Күлтелеев, С. Т. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. Жалпы және Ерекше бөлімі [Мәтін] : оқулық / С.Т. Күлтелеев, Е.Ш. Рахметов. – Алматы : НАС, 2008. – 325 б.
4. Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005. –
5. Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау критерийлерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы №202 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 сәуірде №10928 тіркелді // <http://adilet.zan.kz>
6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы №1358 қаулысымен бекітілген Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан зардап шеккендерге келтірілген зиянды (нұқсанды) өтеу қағидалары // <http://adilet.zan.kz>.